

**Бекітемін**  
**«Күншуақ» бобекжай – бақшасы»**  
**МҚҚҚ мәнгерушісі**  
**Ж.А.Курманова** 

**Педагогикалық кеңестер**  
**Педагогические советы**

**Міндеті: Педагог қызметкерлердің ғылыми-әдістемелік деңгейін үздікейз  
көтеріп отыру.**

Задача: Непрерывное повышение научно-методического уровня  
педагогических работников.

<b>p/ с</b>	<b>№ 3 Педагогикалық кеңес</b>	<b>Мерзімі</b>	<b>Жауапты</b>
<b>II</b>	<p><b>№3 Педагогикалық кеңес</b>  <b>Тақырыбы:</b> «Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау»</p> <p><b>Күн тәртібі:</b></p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1. №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы</li> <li>2. «Балалардың коммуникативтік дағдылардың дамытуға арналған ойындар»</li> <li>3. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік- құзіреттілік жүйесін жетілдіру»</li> <li>4. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды толыккаанды дамыту арқылы психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту»</li> <li>5. Ағымдағы мәселелер</li> </ol> <p>Педкеңес шешімі.</p>	<p>Анықтама</p> <p>Баяндама</p> <p>Баяндама</p> <p>Пікірталас</p>	<p>Менгеруші</p> <p>Тәрбиеші: Айтжанова С.У</p> <p>Қазақ тілі маманы: Орынбасарова Ж.С</p> <p>Психолог Мақанова Г.Н</p> <p>Әдіскер</p>

**«Күншуақ» бобекжай-бақшасы» МКҚК бойынша  
педагогикалық кеңестің № 3 хаттамасы**

29.01.2025 ж

**Такырыбы:** «Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау»

**Міндеті:** Педагог қызметкерлердің гылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеріп отыру.

Жалпы педагог саны-35

Жиналысқа қатысушылар саны-30

**Күн тәртібінде:**

- 1.№2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.«Мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру мақсатында ойын әрекетін тиімді ұйымдастыру»
3. «Балалардың коммуникативтік дағдылардың дамытуға арналған ойындар»
- 4.«Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік- құзіреттілік жүйесін жетілдіру»
5. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды толыққанды дамыту арқылы психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту»
- 6.Ағымдағы мәселелер
- 7.Педкеңес шешімі.

**Тындалды.**

Балабакша менгерушісі Ж.А Курманова сөз алды. Менгеруші педагогикалық кеңестің құрамын аныктап, педагогикалық кеңес отырысының жүргізу регламентін бекітіп, күн тәртібіндегі қаралатын мәселелерге тоқталып, таныстырып өтіп, педагогикалық кеңес отырысын ашық деп жариялады.

«Педагог кадрлардың креативті әлеуетін дамыту жолымен мектеп жасына дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік қызметін жетілдіру үшін жағдай жасау» тақырыбындағы педагогикалық кеңесіміздің Міндеті: Педагог қызметкерлердің гылыми-әдістемелік деңгейін үздіксіз көтеріп отыру болып келеді. Сондықтан балабакшаның әрбір педагогы өзін жетілдіруде құзіреттілігін арттыруда басым жұмыстанып, жаңа заман талабына сай, цифрлы технологияларды қолдану, креативті ойластыру мен жұмыстану барысында балабакша тәрбиеленушілерінің аудан, облыс және республика колемінде жетістіктерге жеткізу сіздердің міндеттерініз. Және де осы тәрбие мен білім берудегі мектепке дейінгі жастағы балаларды дамыту жолдары бойынша сіздерден жоғары деңгейлі жетістіктер мен жақсы қарым-қатынас күтемін.

Педагогикалық кеңес отырысының I мәселесі №2 педкеңестің шешімдерінің орындалуы бойынша Біртұтас тәрбие» бағдарламасының құндылықтарына сәйкес пәндей-кеңістікте шығармашылық эстетикалық ортасын қалыптастыру», «Дене шынықтыру құралдарымен мектеп жасына дейінгі балаларды азаматтық-патриоттық тәрбиелеу» дағдылары бойынша дене шынықтыру ойын әрекетінде қолданып, «Мектеп жасына дейінгі балаларды адамгершілік-патриоттық тәрбиелеудегі музыканың ролі» бойынша музикалық ырғақтық, ритмитикалық жаттығулары мен патриоттық әуендер орындауда қолданылған жаңа

әдістері барлық топта үйымдастырылған ойын әрекетінде қолданып, балалардың дамуына жақсы әсер ететін танымдық ойындар мен қымылды ойындар үйымдастырылуда.

Педагогикалық кеңес отырысының II мәселесі бойынша тәрбиеші: С.У Айтжанова «Балалардың коммуникативтік дағдылардың дамытуға арналған ойындар» тақырыбында өз тәжірбесімен белісті. Білім ғылым саласында инновациялық педагогикалық технологиялар қаншалықты маңызды болса, мектеп жасына дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеуде де педагогикалық технологиялар ұғымы кеңінен қолданылатын ұғымдардың біріне айналды. Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мәселесі мемлекеттік маңызды бөлігі болып отыр. Сондықтан мектепке дейінгі балаларды оқыту мен тәрбиелеудің негізгі мақсаты – баланың жеке басының қалыптасуымен дамуы болып отыр. Яғни, инновациялық технологияны қолдану негізінде келешек үрпақтың еркін дамуына, жан-жақты білім алуына, белсенді, шығармашыл болуына жағдай жасау қазіргі таңдағы әрбір педагогтың міндесті. 1. «Фредель сыйы». 2. Монтессори технологиясын қолданудың әдіс – тәсілдері 3. Балалардың коммуникативтік қабілетін дамыту мақсатында ойын элементтерін қолданудың тиімділігі: Құралда ұсынылған ойындар келесі міндесттерді шешеді: ұсақ моториканы, киялды, ойды дамыту; гендерлік түсінікті дамыту; бірлескен ойындарға деген қызығушылықты арттыру; қатынас дағдыларын дамыту; қоғамдық орындарда әлеуметтік жүріс-тұрыс дағдыларын дамыту; танымдық-зерттеу және өнімді (сындарлы) әрекетті дамыту;

Құмдағы ойындардың мақсаты: 1. Бала өзін жайлы, қоргалған күйде сезініп, шығармашылық белсенділік танытатын табиги стимулдық орта қалыптастыру.

2. Танымдық және психикалық процестерді дамыту; түйсікті (форманы, түсті, тұтас түйсік), есті, зейінді, киялды, кеңістіктік түсінікті, тактильді - кинестетикалық сезімділік пен қолдардың ұсақ моторикалырын.

3. Ауызша және ауызша емес әдіс тәсілдерді қолдана отырып, тәжірибелік қарым - қатынастық біліктіліктер мен дағдыларды жетілдіру.

Педагог жаңа технологияларды қолдана отырып, түрлі жаңаша ойындар ұсына отырып, балалардың тілдік, танымдық дағдыларының дамуының бірден бір маңызды дағдылардың бірі шығармашылық және оны жаңа заман талабына сәйкес ендіре білу, балалардың қызығушылықтарын дамыту деп қорытындылады.

Педагогикалық кеңес отырысының III мәселесі бойынша қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасарова «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік- құзіреттілік жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы баяндамасында Жаңа қоғам ертеңгі болашағын оқыту мен тәрбиелеу бесіктен, баланың нәрестелік шагынан басталады, үздіксіз даму барысында қалыптасады.

Мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін қалыптастырудың білім, біліктірін жетілдірудің әлеуметтік мәні зор. Балаларды оқуға дайындау балалық шактың барлық кезеңіне қарамастан мектеп жасына дейінгі бұлдіршінді мектепке дайындау жүйесінде ерекше орын алады. Мектепке дейінгі жас кезеңі өзіндік тұлға ретінде қалыптасады.

Қазіргі мектеп жасына дейінгі балалардың коммуникативтік-тілдік әрекетке қызуышылықтары мен ынта-ықыластарын қалыптастыру арқылы олардың белсенділігін арттыру маңызды.

Мектеп жасына дейінгі балалардың бойында оку қызметін менгерту олардың коммуникативтік-тілдік құзыреттіліктерін жетілдіру басты бағыттарының бірі болып саналады. Мектепке дейінгі балаларды өз ана тілінде сөйлеуге үйретуде, тәрбие мен білім беру жүмыстарын үйимдастыруды олардың сөйлеу тілін дамытуға, сөйлем құрастырып сөйлеуіне, сөздік қорының мойлауына баса коңіл бөлген жөн. Сөйлеу бала үшін қарым-қатынас құралы болып табылады, оның ойлау қабілетін және мінезд-құлқын реттеуде маңызды рөл атқарады.

Сөйлеу қатынасы баланың білімді менгеруіне, қажетті білік пен дағдыларды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Балалардың ақыл-ойы мен мінезд-құлғының дамуына тіл маңызды рөл атқарады. Тілдін, сөйлейдің немесе сөздің әсерінен баланың қабылдау сипаттамасы өзгереді.

Сөздердің ауызша көрсетілуі мен мән мағынасын түсіне бастағанда, бала қоршаган құбылысты басқалай қабылдайды. Сөйлеуді менгерген бала ең бастысы заттардың мән мағынасын түсіне бастайды, демек, сөйлеу арқылы қабылдаудың сенсорлық типі мән-мағыналық, заттық типке ауысады.

Сөйлеудің әсерінен баланың жадында қайта өзгеру немесе жаңару үдерісі болады.

Тіл дамыту жұмыстарын тиімді үйымдастыру үшін тәрбиеші топтағы барлық балалардың тілінің даму денгейін жақсы білу қажет. Кейбір балаларға ішінара бақылау, тексеру жүргізу арқылы бағдарламалық материалдардың қандай дәрежеде менгеріліп жатқандығын, сабак барысында қолданып жүрген әдіс-тәсілдердің, дидактикалық ойын жаттығулардың тиімді-тиімсіздігін анықтай алады.

Сөздің дыбыстық құрамын тексеруде: мектепке дейінгі балалардың дыбыс қолдануда жиі үшырасатын кемшиліктер соғ ішінде дыбысты дұрыс айтпау. Сөздік қорын байкау. Бала тілін дамытудағы маңызды мәселелердің бірі – өзі айтқан сөзінің мағынасын түсініп, қажетті жерінде қолдана білу. Бала өлеңді тыңдал болып, ондағы қандай сөздердің орынды қолданылмай тұрғанын анықтап, түзетеді.

Грамматикалық формада дұрыс сөйлеуін тексеру күнделікті өмірде үлкендермен қарым-қатынас барысында жүзеге асады. Баланың бір ойды әртүрлі сөздермен жеткізе алу қабілетіне назар аудару. Байланыстырып сейлеу қабилетін тексеру - ақыл-ой және эмоционалдық даму денгейін байқатады. Оны мына тәсілмен жүргізеді: әңгімелу. Баланың өзі билетін ертегі немесе әңгіме мазмұнын айтып беруін сұрау; өз бетінше әңгімелуі; жетекші сұрақтарының әңгімелей алады; ересек адамның көмегін қажет етуі; мәтін мазмұнын толық жеткізуі; оқиғаны баяндауда бірізділікті сақтайды; кейбір бөліктерінің орнын ауыстырып алады; мәнерлеу құралдарын пайдалану іскерлігі; мәнерлеу құралдарын жиі дұрыс пайдалана алады; мәнерлеу құралдарын сирек қолданады; мәтінді ешқандай мәнерсіз жеткізеді.

Мектепке дейінгі үйымдардағы білім беру үнемі коммуникативтік-тілдік бағытқа негізделіп, оқу іс-әрекеттері қарым-қатынас және мақсатты тапсырмаларымен үйымдастырулуы керек. Осы бағытта түрлі мониторингтер жүргізуге болады.

Қорыта айтқанда, ең басты мақсатым: ақпараттық коммуникативтік технологиялар әдістерді қолдана отырып, балаларға сапалы да терең білім беру, олардың ойлау дағдылары мен есте сақтау қабілеттерін жетілдіре отырып, баланың тілін дамыту, еркін сөйлеу дәрежесін көтеру.

Педагогикалық кеңес отырысының IV мәселесі бойынша «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды толыққанды дамыту арқылы психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту» тақырыбында балабақша психология: Г.Н. Мақанова ерекше білімді қажет ететін балаларды катарға қосу, әлеуметтендіру үрдісін дұрыс үйымдастырып, түрлі әлеуметтік кедергіге қарсы тұра алатын тұлғаны қалыптастыруда заманауи технологияның барлық мүмкіндігін пайдаланамыз. Баланы жан-жакты етіп тәрбиелеу үшін оны жан-жакты білу керек. Жан-жакты тәрбиелеу, оның дүниетанымын жетілдіру, создік қоры мен сөйлеу тілін, ой өрісін дамытып, еңбекке баулу- балабақшадағы барлық топтарда бірдей ортак басты міндеп. Мектеп жасына дүйінгі балаларды ауызекі сөйлеуге үйретіп, олардың ой-өрісін кеңейтудің негізі-айналадағы орта мен табигат құбылыстырын бақылау. ПМПК қорытындысы бар балалардың диагноздары: Психикалық дамуы тежелген балалар (ЗПР) оқу бағдарламасын менгеруде қындықтарға кездесетін улгермеуші балалар:

Сөйлеу дамуының кешігі (ЗПР)- балалардың сөйлеу дамуының жас нормаларынан қаркынды түрде артта қалуы;

Сөйлеудің жалпы дамуы (ОНР) – қалыпты интеллектің және толық есту қабілеті бар балалардағы сөйлеудің әртүрлі күрделі бұзылыстарды сөйлеудің барлық аспектілерінің (дыбыстық, лексикалық- грамматикалық, семантикалық) қалыптасуының бұзылуы.

Аутизм (РАС) – адамның және оның айналасындағы адамдардың өміріне елеулі әсер ететін ауыр бұзылыс. Балалармен дидактикалық ойындар, музика жетекшісінің нұсқауымен ойналатын ойындар, ұсақ қол моторикасын жетілдіретін ойындар арқылы балаларды жан-жакты дамыту жұмыстары жүргізіледі. Қорыта келе, балаларды ортага үйрете отырып дамыту жолдарында балалардың қыншылықтарын жеңе білу қажет.

### № 3 Педагогикалық кеңесінің шешімі

1. Тәрбиеші: С.У.Айтжанованың «Балалардың коммуникативтік дағдылардың дамытуға арналған ойындар» тақырыбындағы жаңашыл ойындары бойынша барлық балабақшайшілік топтарда жаңаша бағытта жасақталынын.

Мерзімі - үнемі  
Жауапты – педагогтар

Бақылаушы – әдіскер

2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың тілдік- құзіреттілік жүйесін жетілдіру» тақырыбындағы қазақ тілі маманы: Ж.С. Орынбасаровың баяндамасы «қанагаттанарлық» деп танылып, балабақша тәрбиеленушілерінің тілдік- құзіреттілігі бойынша жетілдіру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілсін.

Мерзімі - үнемі  
Жауапты – педагогтар  
Бақылаушы – әдіскер

3. «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды толыққанды дамыту арқылы психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту» тақырыбындағы балабақша психологі: Г.Н.Мақановың ерекше білім қажет ететін балалармен жұмысы бойынша дамыту жұмыстары уақытылы орындалсын

Мерзімі - үнемі  
Жауапты – педагогтар  
Бақылаушы – әдіскер

«Күншуақ» бөбекжай МКҚК менгерушісі:



Ж.А.Курманова

\_А.Т. Абдыкова